

## Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларын бекіту туралы

Мерзімі біткен

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 23 ақпандағы № 270 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 12 наурызда № 16551 болып тіркелді. Бұйрық 2011 жылдың 1 қаңтарына дейін қолданыста болды

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**Бұйрықтың қолданыста болу мерзімі - 01.01.2019 дейін (бұйрықтың 4-т.).**

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 412-бабы 2-тармағына, "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" 2003 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде электрондық нысандағы шот-фактураларды жазып беру ережелері Қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа сәйкес "Электрондық нысанда жазып берілетін шот-фактуралардың құжат айналымының қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 12 мамырдағы № 301 бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне 2017 жылғы 12 маусымда жарияланған, Нормативті-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15156 тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (А.М. Теңгебаев) заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның ресми жариялануын;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмелерін " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялауға және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында жариялануын қамтамасыз етсін.

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң 2018 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізілетін Қағидаларының 6-тармағын қоспағанда, қолданысқа енгізіледі және 2019 жылғы 1 қаңтарына дейін қолданылады.

*Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі*

*Б. Сұлтанов*

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2018 жылғы 23 ақпандағы  
№ 270 бұйрығына

## **Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде электрондық нысандағы шот-фактураларды жазып беру Қағидалары 1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде электрондық нысандағы шот-фактураларды жазып беру Қағидалары "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 412-бабы 2-тармағына, "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" 2003 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – ЭШФ АЖ) электрондық нысанда шот-фактураны жазып беру тәртібін анықтайды.

2. Салық кодексінің 46 және 47-тарауында белгіленген талаптарға және осы Қағидаларда сәйкес жазып берілген және ЭШФ АЖ тіркелген электрондық нысанда шот-фактура қосылған құн салығын (бұдан әрі – ҚҚС) есепке жатқызу үшін негіз болып табылады. Егер шот-фактура қағаз жеткізгіште сияқты, электрондық нысанда да жазып берілген жағдайда, онда тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушының ҚҚС есепке жатқызуы үшін электрондық нысанда жазып берілген шот-фактура негіз болып табылады.

3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) баждың төмендетілген ставкасы – кедендік әкелу баждардың Дүниежүзілік сауда ұйымдарында Қазақстан Республикасының міндеттемелерінде көзделген ставканың

барынша жоғары деңгейінде белгіленетін Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің (бұдан әрі – ЕАЭО БКТ) қолданыстағы кедендік әкелу баж ставкасымен салыстырғанда өте төмен ставкасы;

2) виртуальды қойма – автоматты режимде тауарларды ауыстыру үшін арналған ЭШФ АЖ модулі (бұдан әрі – Модуль);

3) ЕАЭО СЭҚ ТН коды және атауы Тізбеге енгізілген тауарлар - ЕАЭО мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген тауарлар, сондай-ақ ЕАЭО СЭҚ ТН коды және атауы тізбеге енгізілген Қазақстан Республикасында өндірілген тауарлар;

4) өкіл (оператор) – Қазақстан Республикасының шот-фактуралар жөніндегі салық заңнамасымен реттелетін қатынастарға қатысатын, өнімді бөлу туралы тапсырма шарттың немесе келісімнің (келісімшарттың) негізінде әрекет ететін заңды тұлға;

5) тізбе – Қазақстан Республикасының аумағына баждардың төмендетілген ставкалары, сондай-ақ осындай ставкалардың мөлшері қолданылатын ЕАЭО мүше болып табылмайтын мемлекет аумағынан әкелінетін тауарлардың тізбесі;

6) Тізбеге енгізілген тауарлар – баждардың төмендетілген мөлшерлемелері, сондай-ақ осындай мөлшерлемелердің мөлшері қолданылуы мүмкін, үшінші елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген тауарлар;

7) уәкілетті жеке тұлға – заңды тұлғаның (заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің) немесе дара кәсіпкер не жеке практикамен айналысатын адамдардың электрондық шот-фактураның ақпараттық жүйесінде құжат айналымы процесінде осындай заңды тұлғаның атынан сенімхат негізінде операцияларды жүзеге асыруға құқық, оның ішінде заңды тұлғаның (заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің) немесе дара кәсіпкер не жеке практикамен айналысатын адамдардың атынан ЭШФ қол қою құқығы берілген заңды тұлғаның қызметкері;

8) уәкілетті органның нормативтік-анықтамалық ақпараты – мемлекеттік кірістер органдарының деректер базасынан берілетін және салық заңнамасына сәйкес салық құпиясы болып табылмайтын ақпарат;

9) электрондық шот-фактура – ЭШФ АЖ арқылы және салық заңнамасы нормаларының талаптарына және осы Қағидаларға сәйкес жазып берілген құжат;

10) ЭШФ АЖ қатысушы – ЭШФ АЖ пайдалану туралы келісімге (бұдан әрі – Келісім) қол қойған және ЭШФ АЖ-де тіркелген тұлға;

11) ЭШФ АЖ қатысушыны есепке алу жүйесі – салық міндеттемесін орындау мақсатында жүргізілетін бастапқы есепке алу құжаттардың деректерін, бухгалтерлік есеп тіркелімдерін, салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілер туралы ақпаратты қамтитын бухгалтерлік және салық есебінің жүйесі;

12) ЭШФ АЖ операторы – ЭШФ АЖ әкімшісі болып табылатын мемлекеттік орган;

13) ЭШФ АЖ-де ЭШФ-ны тіркеу – шот-фактуралардың осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келуі, тіркеу куәлігінің шынайылығы және бірегей тіркеу нөмірін беру мәніне тексеруді қамтитын ЭШФ АЖ-де шот-фактураны өңдеу процесі;

14) ЭШФ өңдеу – ЭШФ Салық кодексінің 400 және 412-баптарында және осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеру, мұндай талаптарға сәйкес келмейтін ЭШФ кейіннен қайтарып алу;

15) ЭШФ тіркеу нөмірі – ЭШФ-ның, оны тіркеген кезде берілетін және жеткізушінің сәйкестендіру нөмірінің, ЭШФ тіркелу күнінің және бірегей дәйексіз нөмірінің негізінде автоматты түрде ЭШФ АЖ қалыптастырылатын бірегей нөмірі;

16) электрондық құжат – электрондық-цифрлық нысанда (бұдан әрі – ЭЦН) ақпарат табыс етілген және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат.

Осы Қағиданың шеңберінде пайдаланылатын өзгеде ұғымдар Салық кодексінің және Қазақстан Республикасының өзгеде заңнамалық актілеріне сәйкес қолданылады.

4. Салық төлеуші, Салық кодексінің 46 және 47-тарауында және осы Қағидаларда, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарды іске асыруға қабылданған Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіпте ЭШФ жазып беру жүзеге асырылады.

5. Құжат айналымының шеңберінде ЭШФ жазып беру (жөнелту) ЭШФ АЖ қатысушысы ретінде тіркелген салық төлеушілер ғана ЭШФ АЖ-де жүзеге асырады.

6. Модульдегі тауарлардың орнын ауыстыруды бақылау оны салық төлеушімен мәлімделген (декларацияланған) тауарлармен толтыру және оларды ЭШФ бойынша жою арқылы автоматты режимде жүзеге асырылады.

7. ЭШФ АЖ-де тіркелген кезде ЭШФ АЖ-ге қатысушыға мынадай мәртебе беріледі :

- 1) жеке тұлға;
- 2) дара кәсіпкер не жеке практикамен айналысатын адамдардың;
- 3) заңды тұлға (заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі).

Заңды тұлғаны (заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесін) ЭШФ АЖ қатысушысы ретінде тіркеуді тек заңды тұлғаның (заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің) басшысы ғана жүргізеді, ол заңды тұлғаның құрылтайшысының (құрылтайшыларының ) шешімі бойынша немесе заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің басшысын тағайындау туралы қабылдаған шешімнің негізінде тағайындалады.

Егер жеке тұлға заңды тұлғаның (заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің) басшысы болып табылған жағдайда, аталған ақпарат мемлекеттік кірістер органдарының тіркеу базасының мәліметтерімен расталады.

8. "Жеке тұлға" мәртебесімен тіркелген ЭШФ АЖ қатысушы мұндай жеке тұлға заңды тұлға (заңды тұлғаның құрылымдық бөлімше) – ЭШФ АЖ қатысушының қызметкері болып табылатын жағдайды қоспағанда, дара кәсіпкер не жеке практикамен айналысатын адамдардың ЭШФ жазып бермейді.

9. Әрбір мәртебе бойынша тіркеу, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес қол қойылған бөлек Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде пайдалану туралы келісім негізінде жүргізіледі.

10. Келісім салық төлеушінің ЭЦҚ-мен куәландырылады.

ЭШФ АЖ-ге қатысушыны авторландыру және ЭШФ АЖ-де электрондық құжаттарды куәландыру үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық куәландырушы орталығының (бұдан әрі – ҚР ҰКО) электрондық нысандағы тіркеу куәлігі қолданылады.

Заңды тұлға (заңды тұлғаның құрылымдық бөлімше) үшін келісімге қол қою заңды тұлғаның (заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің) басшысына берілген екі ЭЦҚ қолданумен жүргізіледі. Бұл ретте басшыда жеке тұлғаға берілген ЭЦҚ, және заңды тұлғаға (заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесіне) берілген ЭЦҚ сияқты, осы заңды тұлғаның (заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің) басшысының жеке сәйкестендіру нөмірі бар (бұдан әрі – ЖСН) ЭЦҚ болады.

11. Заңды тұлғаның (заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің) басшысы электрондық нысанда жасалатын сенімхат негізінде ЭШФ АЖ-де жұмыс жасау үшін уәкілетті жеке тұлғаны, оның ішінде осындай заңды тұлғаның (заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің) құрылымдық бөлімшесінің қызметкерін, сондай-ақ өкілін (операторын) айқындайды.

Бұл ретте, заңды тұлғаның (заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің) басшысы осындай заңды тұлғаның (заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің) атынан уәкілетті жеке тұлғаға немесе өкілге (операторға) ЭШФ АЖ-де құжат айналымының процесінде операцияларды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін құқықтарды, осындай құқықтардың қолданылу мерзімін көрсете отырып береді.

Заңды тұлғаның (заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің) басшысы уәкілетті жеке тұлғаға немесе өкілге (операторға) берілген құқықтарды түзетеді не осы құқықтардан айырады.

Заңды тұлғаның (заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің) басшысы уәкілетті жеке тұлғаларға немесе өкіл (оператор) тізбесінің өзектілігін және заңды тұлғаның (құрылымдық бөлімшесінің) атынан оларға іс-әрекетті орындауға берілген құқықтарды бақылауды жүзеге асырады.

Электрондық нысанда жасалатын сенімхат негізінде дара кәсіпкер не жеке практикамен айналысатын адамдар ЭШФ АЖ жұмыстары үшін уәкілетті жеке тұлға айқындайды.

Бұл ретте дара кәсіпкер не жеке практикамен айналысатын адамдар ЭШФ құру, қарау және басып шығару мүмкіндігі шеңберінде ЭШФ АЖ құжат айналым процесінде операцияны жүзеге асыруға рұқсат беретін құқықтармен осындай құқықтың мерзімін көрсете отырып, ЭШФ кепіл құқықсыз, уәкілетті жеке тұлғалар қолдайды.

12. ЭШФ АЖ құжат айналымы процесінде мынадай операциялар орындалады:

1) ЭШФ құру – Салық кодексінің 412-бабында және осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес нысанды толтыру;

2) электрондық нысанда шот-фактураны куәландыру – ЭЦҚ-мен ЭШФ-ға қол қою;

3) ЭШФ жөнелту – осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келуіне тексеруді жүзеге асыру үшін құрылған және куәландырылған ЭШФ жөнелту;

4) ЭШФ өңдеу – осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келуіне тексеруді жүзеге асыру процесі;

5) ЭШФ тіркеу – ЭШФ АЖ бірегей тіркеу нөмірін беру рәсімі. ЭШФ тіркеу өңдеу процесінде қателер болмаған жағдайда жүргізіледі;

6) ЭШФ жазып беру – Салық кодексінің 412 және 413-бабында және осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес жазып берілген және ЭШФ АЖ бірегей тіркеу нөмірін бере отырып, ЭЦҚ куәландырылған ЭШФ құру;

7) ЭШФ алу – тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізушіден тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушыға ЭШФ АЖ-де тіркелген ЭШФ жеткізу;

8) ЭШФ қарау – тіркелген ЭШФ көрсету;

9) ЭШФ беру – тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізушіден тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушыға импортталған ЭШФ жеткізу;

10) ЭШФ кері қайтару – ЭШФ жарамсыз деп тану;

11) ЭШФ қайтару – тауарларды алушымен жұмыстарды, қызметтерді түзетілген немесе қосымша ЭШФ жазып беру, сондай-ақ бұрын жазып берген ЭШФ кері қайтару бойынша тауар жеткізушінің әрекетін қабылдамау;

12) электрондық нысанда шот-фактураларды қабылдау – ЭШФ АЖ құралдарымен өңдеу және тіркеу үшін салық төлеушінің басқа есепке алу жүйелерінен құжаттың импорты;

13) ЭШФ экспорты – ЭШФ АЖ-нен тіркелген ЭШФ сақтау, оның ішінде басқа есепке алу жүйелеріне беру.

13. Осы Қағидалардың 12-тармағында көрсетілген операцияларды жүзеге асыру кезінде ЭШФ мынадай мәртебеге ие болады:

1) "Қаралмады" – Салық кодексінің 412-бабында және осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес жазып берілген және бірегей тіркеу нөмірі берілген, ЭЦҚ-мен куәландырылған, бірақ тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушы қарамаған ЭШФ;

2) "Жеткізілді" – Салық кодексінің 412-бабында және осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес жазып берілген және бірегей тіркеу нөмірі берілген ЭЦҚ куәландырылған тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушы қараған ЭШФ;

3) "Жойылды" – міндетті түрде түзетілген ЭШФ жазып бере отырып, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізуші жойған ЭШФ;

4) "Кері қайтарылды" – тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізушінің кері қайтарған ЭШФ;

5) "Шимай" – ішінара толтырылған, редакцияланатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушыға жіберілмеген құжат;

6) "Импортталған" - салық төлеушінің есепке алу жүйелерінен ЭШФ АЖ-не жүктелген, ол бойынша осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізілген, бірақ тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушыға жіберілмеген ЭШФ;

7) "Қате" – осы Қағиданың талаптарына сәйкестігін тексеруден өтпеген және тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушыға жіберілмеген ЭШФ;

8) "Қабылданбаған" – тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушы қабылдамаған ЭШФ.

14. Түзетілген ЭШФ Салық кодексінің 419-бабында белгіленген жағдайларда жазып беріледі.

Қосымша ЭШФ жазып беру Салық кодексінің 420-бабында белгіленген жағдайларда жүргізіледі.

15. ЭШФ АЖ арқылы шот-фактура жазылған жағдайда, ЭШФ АЖ бар электрондық құжат ЭШФ түпнұсқасы (телнұсқасы) болып табылады.

ЭШФ баспа түріндегі нысанында ЭШФ-ның электрондық (экраннық) нұсқасынан айырмашылықтарға жол беріледі. ЭШФ баспа нысанында жеткізуші толтырған деректемелері көрсетіледі.

16. ЭШФ АЖ-нің қатысушысы электрондық нысанда жазылатын шот-фактуралардың құжат айналымы мақсатында ЭШФ АЖ-нің мынадай қосымшаларын пайдаланады:

1) on-Line режимінде ЭШФ АЖ-де жұмысты жүзеге асыруға мүмкіндік беретін Web-қосымша;

2) off-Line режимінде ЭШФ АЖ-де жұмысты жүзеге асыруға мүмкіндік беретін Desktop-қосымша (интернет-қосылысы болмаған және/немесе тұрақсыз болған жағдайда);

3) ЭШФ АЖ қатысушылардың есепке алу жүйелерімен ЭШФ АЖ бірігуі жолымен Web-қосымша мен desktop-қосымшасындағы бизнес-процестерде көзделген ЭШФ АЖ-дегі барлық операцияларды ЭШФ АЖ-де орындауға мүмкіндік беретін API-интерфейсі.

17. ЭШФ АЖ оның ішінде мыналарды:

1) осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкестігін тексергеннен кейін салық төлеушінің есепке алу жүйелерінде жазып берілген шот-фактураларды қабылдауды;

2) ЭШФ АЖ-де ЭШФ АЖ қатысушылар арасында хабарламалар алмасуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

18. ЭШФ мынадай, Салық кодексінің 412-бабы 7-тармағына сәйкес:

1) өнімді бөлу туралы келісім (келісімшарт) шеңберінде жасалған мәмілелер (операциялар) бойынша;

2) Салық кодексінің 386, 446, 449-баптарына сәйкес ҚҚС нөлдік ставкасы бойынша салық салынатын экспортқа тауарларды өткізу жөніндегі мәмілелер (операциялар) бойынша;

3) Салық кодексінің 387 және 448-баптарына сәйкес ҚҚС нөлдік ставкасы бойынша салық салынатын халықаралық тасымалдау бойынша қызметтерді өткізу жөніндегі айналымдар бойынша;

4) Салық кодексінің 393-бабы 3-тармағына сәйкес ҚҚС нөлдік ставкасы бойынша салық салынатын өткізу жөніндегі айналымдар бойынша шетел валютасында көрсету мүмкін болатын жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында жазып беріледі.

## **2-тарау. Электрондық шот-фактура ақпараттық жүйесінде электронды нысандағы шот-фактураларды жазып беру тәртібі**

### **1. Параграф. ЭШФ қабылдау, өңдеу, тіркеу және беру**

19. ЭШФ осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жазып беріледі.

20. ЭШФ мынадай бөлімдерден тұрады:

1) жалпы бөлім;

2) жеткізушінің деректемелері;

3) жеткізушінің банктік деректемелері;

4) алушының деректемелері;

5) мемлекеттік мекеменің деректемелері;

6) жүкті жіберушінің және жүкті алушының деректемелері;

7) жеткізу шарттары (келісімшарт);

8) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізуді растайтын құжаттардың деректемелері;

9) тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша деректер;

10) бірлескен қызметке қатысушылардың тауарлары, жұмыстары, көрсетілетін қызметтері бойынша деректер;

11) жеткізуші өкілінің (операторының) деректемелері;

12) алушы өкілінің (операторының) деректемелері;

13) қосымша мәліметтер;

14) ЭЦҚ бойынша мәліметтер.

21. ЭШФ "Жалпы бөлім" А бөлімде:



1) "Тіркеу нөмірі" деген 1-жолда ЭШФ тіркеу нөмірі көрсетіледі. Жол ЭШФ АЖ-де құжатты тіркеу кезінде ЭШФ АЖ автоматты түрде толтырылады және ЭШФ АЖ қатысушының толтыруына және (немесе) редакциялауына арналмаған;

2) "Есепке алу жүйесінің нөмірі" деген 1.1-жолда салық төлеушінің салық есебінде берілетін және тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізуші дербес айқындайтын шот-фактуралардың реттік нөмірі көрсетіледі (жол толтыруға жатады);

3) "Жазып берілген күн" деген 2-жолда ЭШФ алушының тіркеу және жөнелту күні көрсетіледі. Осы жол автоматты түрде толдырылады және ағымдағы күнтізбелік күнге сәйкес келеді;

4) "Қағаз жеткізгіште жазып берілген күн" деген 2.1-жолда ЭШФ АЖ-не енгізілген қағаз жеткізгіштегі шот-фактураны жазып берген күн көрсетіледі. Аталған жол мынадай негіздемелер бойынша:

Салық кодексінің 412-бабы 4-тармағының 2) тармақшасына сәйкес;

егер қағаз тасымалдағышта шот-фактураны жазып беру күніне мұндай шот-фактураны электрондық нысанда жазып беру бойынша талап болмаса, бұрын қағаз тасымалдағышта жазып берілген шот-фактураға түзетілген, қосымша ЭШФ жазылып берілген жағдайда;

егер қағаз тасымалдағышта шот-фактураны жазып беру күніне мұндай шот-фактураны электрондық нысанда жазып беру бойынша талап болмаса, қағаз тасымалдағышта бұрын жазып берілген шот-фактураны ЭШФ АЖ-дан қайтарған жағдайда ЭШФ АЖ-ге қағаз жеткізгіштегі шот-фактурадағы деректемелерді енгізу қажеттілігі болған жағдайда толтырылады;

5) "Айналым жасалған күн" деген 3-жолда Салық кодексінің 379-бабына сәйкес айқындалған тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша айналым жасалған күн көрсетіледі (жол міндетті түрде толтыруға жатады).

Бұл ретте, түзетілген шот-фактурада өткізу бойынша айналымды жасау күні талап ету мерзімі шегінде, бірақ жойылатын ЭШФ жазып беру күнінен бұрынғы кезеңдерде түзету мүмкіндігімен жойылатын шот-фактурада көрсетілген айналым жасалған күн бойынша айқындалады.

Қосымша шот-фактура бойынша өткізу бойынша айналым жасалған күн Салық кодексінің 383-бабында көзделген жағдайлар басталған күн бойынша айқындалады.

22. "Түзетілген" деген 4-жол түзетілген ЭШФ жазып беру кезінде белгілеуге жатады . Бұл ретте осы жолды белгілеу, егер "Қосымша" деген 5-жол белгіленбеген жағдайда, жүргізіледі.

"Түзетілген" деген 4-жолды белгілеген кезде 4.1, 4.2 және 4.3-жолдар міндетті түрде толтырылуға жатады:

1) "Жазып беру күні" деген 4.1-жолда жойылатын (түзетілетін) ЭШФ күні көрсетіледі;

2) "Есепке алу жүйесінің нөмірі" деген 4.2-жолда есепке алу жүйесінде жойылатын (түзетілген) ЭШФ нөмірі көрсетіледі;

3) "Тіркеу нөмірі" деген 4.3-жолда жойылатын (түзетілген) ЭШФ тіркеу нөмірі көрсетіледі.

Түзетілген ЭШФ жазып берген кезде өзгерістер енгізілетін ЭШФ-ның мәтін жолдары мен жиынтық бағандарында дұрыс мәліметтер мен сомалары көрсетіледі, ЭШФ-ның өзгерістер енгізілмейтін жолдары мен бағандарында бұрынғы мәліметтер көрсетіледі.

"Жеткізушінің деректемелері" В бөлімінің 7 және 8 жолдарында, сондай-ақ "Алушының деректемелері" С бөлімінің 17 және 18 жолдарында түзетілген ЭШФ жазып берген кезде атауы және орналасқан орнының мекенжайы жойылған ЭШФ көрсетілген деректерінен ерекшеленеді.

Түзетілген ЭШФ жазып берген кезде "Жеткізушінің деректемелері" В бөлімінің "ҚҚС төлеушінің куәлігі" деген 9-жолда түзетілген ЭШФ жазып беру күніне қолданыста болатын куәліктің деректемелері көрсетіледі.

23. Түзетілген ЭШФ түзетілген ЭШФ жазып беру күніне қолданыста болатын нысанда жазып беріледі.

24. Түзетілген ЭШФ жазып берген кезде жойылатын ЭШФ жазып берілген түзетілген ЭШФ мен барлық қосымша ЭШФ жойылады.

25. Егер бұрын жазып берген ЭШФ-ға қосымша ЭШФ бар болса, онда түзетілген ЭШФ жазып берген кезде 4.1, 4.2 және 4.3-жолдарда түзетілген ЭШФ жазып берілген күні, тіркеу нөмірі және ЭШФ есепке алу жүйесінің нөмірі көрсетіледі. Бұл ретте, бұрын жазып берілген, жойылған қосымша ЭШФ қалпына келтіру үшін түзетілген ЭШФ жазып берілген күннен бастап күнтізбелік жеті күн ішінде түзетілген ЭШФ-ға қосымша ЭШФ жазып беру қажет.

26. "Қосымша" деген 5-жолда қосымша ЭШФ жазып берілген кезде белгіленуге тиіс. Бұл ретте, аталған жолды "Түзетілген" деген 4-жолда белгі болмаған жағдайда белгілеу жүргізіледі.

Қосымша ЭШФ жазып берген кезде редакциялау үшін:

"Жеткізушінің деректемелері" В бөлімінің "ҚҚС төлеушінің куәлігі" деген 9-жолы;

"Жеткізушінің банктік деректемелері" В1 бөлімінде;

"Жүкті жөнелтушінің және жүкті алушының деректемелері" D бөлімінде;

"Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді растайтын құжаттардың деректемелері" F бөлімінің;

"Тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша деректер" G бөлімінің 2, 4, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17 және 18-бағандары;

"Бірлескен қызметке қатысушылардың тауарлары, жұмыстары, көрсетілетін қызметтері бойынша деректер" H бөлімінің 8, 10, 11, 13 және 14-бағандары қол жетімді.

Қосымша ЭШФ жазып берілетін ЭШФ "Тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша деректер" G-бөлімінің "Жанама салықтарды есептегендегі тауарлар, жұмыстар, қызметтер құны" 14-бағанындағы жиынтық сомасы мен қосымша ЭШФ "Тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша деректер" G-бөлімінің "Жанама салықтарды есептегендегі тауарлар, жұмыстар, қызметтер құны" 14-бағанындағы жиынтық сомасының арасындағы айырмашылық теріс мәнде бола алмайды.

"Жеткізушінің деректемелері" B бөлімінің 7 және 8 жолдарында, сондай-ақ "Алушының деректемелері" C бөлімінің 17 және 18 жолдарында қосымша ЭШФ жазып берген кезде атауы және орналасқан орнының мекенжайы қосымша ЭШФ көрсетілген деректерінен ерекшеленеді.

Қосымша ЭШФ жазып берген кезде "Жеткізушінің деректемелері" B бөлімінің "ҚҚС төлеушінің куәлігі" деген 9-жолда қосымша ЭШФ жазып беру күніне қолданыста болатын куәліктің деректемелері көрсетіледі.

"Тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша деректер" G бөлімінің 2 және 4 бағандар қосымша ЭШФ жазып беру кезінде 2018 жылғы 1 сәуірден бастап редакциялауға жол беріледі.

27. "Қосымша" деген 5-жолды белгілеген кезде 5.1, 5.2 және 5.3-жолдарда қосымша жазып берілетін ЭШФ деректемелері көрсетіледі:

1) "Жазып берілген күн" деген 5.1-жолда қосымша ЭШФ жазып берілетін ЭШФ күні көрсетіледі;

2) "Есепке алу жүйесінің нөмірі" деген 5.2-жолда қосымша ЭШФ жазып берілетін ЭШФ нөмірі көрсетіледі;

3) "Тіркеу нөмірі" деген 5.3-жолда қосымша ЭШФ жазып берілетін ЭШФ тіркеу нөмірі көрсетіледі.

28. Қосымша ЭШФ қосымша ЭШФ жазып беру күніне қолданыста болатын нысанда жазып беріледі.

29. ЭШФ АЖ-де тіркелмеген ЭШФ кері қайтару мүмкін емес.

30. Түзетілген ЭШФ-ға қосымша ЭШФ жазып берілген жағдайда 5.1, 5.2 және 5.3-жолдарда қосымша ЭШФ жазып берілетін түзетілген ЭШФ-ның жазып берілген күні, ЭШФ АЖ-не қатысушының тіркеу нөмірі мен есепке алу жүйесіндегі нөмірі көрсетіледі.

"Тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша деректер" G бөлімінің 6, 7, 8, 10, 11, 13 және 14 жиынтық бағандары мен "Бірлескен қызметке қатысушылардың тауарлары, жұмыстары, көрсетілетін қызметтері бойынша деректер" H бөлімінің 8, 10, 11, 13 және 14 бағандарында айырмасы (оң немесе теріс) көрсетіледі.

31. Түзетілген немесе қосымша ЭШФ жазып берілген қосымша немесе түзетілген ЭШФ жазып берілетін ЭШФ жазып берілген күннен бастап салық заңнамасында белгіленген талап ету мерзімі шегінде жазып беріледі.

32. Егер ЭШФ АЖ-де тіркелген ЭШФ-ға түзетілген немесе қосымша ЭШФ жазып беру талап етілген жағдайда, мұндай жазып беру тек ЭШФ АЖ-де жүргізіледі.

33. "Жеткізушінің деректемелері" В бөлімінде:

1) "ЖСН/БСН" деген 6-жолда тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізушінің ЖСН немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - БСН) көрсетіледі (жол толтыруға жатады);

2) "Заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелерінің БСН" деген 6.0-жолда тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізуші заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелерінің БСН көрсетіледі;

3) "Қайта ұйымдастырылған тұлғаның БСН" деген 6.1-жолда түзетілген немесе қосымша ЭШФ жазып берген кезде қосылу, бірігу және бөлініп шығу жолымен қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның БСН көрсетіледі;

4) "Жеткізуші" деген 7-жолда ЭШФ жазып беретін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізушінің атауы көрсетіледі (жол толтыруға жатады):

Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізуші болып табылатын дара кәсіпкерлерге қатысты не жеке практикамен айналысатын адамдардың – ҚҚС бойынша тіркеу есебіне қою туралы куәлікте көрсетілген салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) және (немесе) атауы;

тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізуші болып табылатын заңды тұлғаларға (заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелеріне) қатысты – заңды тұлғаны (заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелеріне) мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамада көрсетілген атауы. Бұл ретте, ұйымдық-құқықтық нысанын көрсету бөлігінде дәстүрге, оның ішінде іскерлік айналымдағы дәстүрге сәйкес аббревиатуралар қолданылуы мүмкін;

5) "Қатысу үлесі" деген 7.1-жолда бірлескен қызметке қатысу үлесі көрсетіледі. Бұл жол "Жеткізушінің санаты" деген 10-жолда "F" деген торкөзді белгілеген жағдайда толтырылуы мүмкін;

6) "Орналасқан орнының мекенжайы" деген 8-жолда Салық кодексінің 74-бабы 7-тармағына сәйкес тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізушінің орналасқан орнының мекенжайы көрсетіледі. Орналасқан жерінің мекенжайы туралы ақпараттар болмаған жағдайда, жол толтырылмай қалдырылады, оны қолмен толтыру құқығы болмайды;

7) "ҚҚС төлеушінің куәлігі" деген 9-жолда ЭШФ жазып беретін тұлғаның ҚҚС бойынша тіркеу есебіне қою туралы куәлігінің деректемелері көрсетіледі. "Сериясы" деген 9.1 және "Нөмірі" деген 9.2-жолдарда тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізушінің ҚҚС төлеуші тіркеу есебіне қою туралы куәлігінің сериясы мен нөмірі көрсетіледі. Егер тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізуші резидент заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі болып табылса, онда бұл жолда құрылымдық бөлімшесі болып табылатын ҚҚС төлеуші заңды тұлға тіркеу

есебіне қою туралы куәлігінің сериясы мен нөмірі көрсетіледі (жол толтыруға жатады). Егер жеткізуші ҚҚС төлеуші болып табылмаған жағдайда, онда 9.1 және 9.2-жолдар толтырылмайды.

34. "Жеткізушінің санаты" деген 10-жолда мыналарға:

"А" ұяшығында – егер жеткізуші комитент болып табылған жағдайда;

"В" ұяшығында – егер жеткізуші комиссионер болып табылған жағдайда;

"С" ұяшығында – егер жеткізуші экспедитор болып табылған жағдайда;

"D" ұяшығында – егер жеткізуші лизинг беруші болып табылған жағдайда;

"Е" ұяшығында – егер жеткізуші өнімді бөлу туралы келісімге (келісімшартқа) (ӨБК) қатысушы болып табылған жағдайда;

"F" ұяшығында – егер жеткізуші бірлескен қызмет туралы шартқа қатысушы болып табылған жағдайда белгі қойылады.

Бұл ретте, "Саны" деген 10.1-жолда бірлескен қызмет туралы шартқа қатысушылардың саны көрсетіледі. "F" торкөзде белгіленген және В "Жеткізушінің деректемелері" және Н "Бірлескен қызметке қатысушылардың тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша деректері" бөлімінде "Саны" деген 10.1-жолда бірлескен қызмет туралы шартқа қатысушылардың саны көрсетілген жағдайда, бірлескен қызмет туралы шартқа әрбір қатысушы бойынша толтырылады;

"G" ұяшығында – егер жеткізуші:

тауарлар экспорты кедендік рәсімінде тауарлардың әкетуін жүзеге асырған;

тауарды Қазақстан Республикасының аумағынан ЕАЭО мүше мемлекеттердің аумағына әкетуін жүзеге асырған жағдайда толтырылады;

"H" ұяшығында – егер жеткізуші халықаралық тасымалдар бойынша қызмет көрсететін салық төлеуші болып табылған;

"I" ұяшығында – егер жеткізуші сенім білдірілген адам болып табылған жағдайда толтырылады.

35. ЭШФ бірлескен қызмет туралы шарттардың шеңберінде жазып берілген жағдайда және (немесе) өнімді бөлу туралы келісім (келісімшарт) шеңберінде "Жеткізушінің деректемелері" В бөлімінде:

1) Салық кодексінің 417-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес оның атынан ЭШФ жазып берілетін өкілінің немесе бірлескен қызмет туралы шарттың қатысушысының деректемелері;

2) бірлескен қызмет туралы шарттың әрбір қатысушысының деректемелері;

3) соның атынан ЭШФ жазылатын өнімді бөлу туралы келісімнің (келісімшарттың) қатысушысының деректемелері көрсетіледі.

ЭШФ тапсырыс шарты шеңберінде жазып берілген жағдайда, "Жеткізушінің деректемелері" В бөлімінде Салық кодексінің 374-бабына сәйкес сенім білдірушінің деректемелері көрсетіледі.

"Өнімді бөлу туралы келісімге (келісімшартқа) қатысушы (ӨБК)" "Е" және (немесе) "Бірлескен қызмет туралы шартқа қатысушы" "F" торкөзді белгілеген кезде өнімді бөлу туралы келісімге (келісімшартқа) қатысушы және (немесе) бірлескен қызмет туралы шартқа қатысушылардың саны көрсетілетін "Саны" 10.1-жол толтырылады, бұл өнімді бөлу туралы келісімге (келісімшартқа) қатысушы және (немесе) бірлескен қызметтің әрбір қатысушысы үшін толтырылатын "Жеткізушінің деректемелері" В, "Жеткізушінің банктік деректемелері" В1 және "Бірлескен қызметке қатысушылардың тауарлары, жұмыстары, көрсетілетін қызметтері бойынша деректері" Н бөлімдерінің санын арттырады;

4) экспорттаушы, өнімді бөлу туралы келісімге (келісімшартқа) (ӨБК) қатысушы болып табылатын, сондай-ақ Салық кодексінің 393-бабы 3-тармағына сәйкес тауарларды өткізу бойынша айналым бойынша ҚҚС нөлдік ставкасын қолданатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізуші "ӨБК қатысушы" "Е" торкөзін немесе "Экспорттаушы" "G" торкөзін белгілейді. Бұл торкөзді белгілеген кезде тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізуші ЭШФ-ны шетел валютасында жазып бере алады;

5) халықаралық тасымалдар бойынша қызмет көрсететін жеткізуші Салық кодексінің 387-бабына сәйкес "Халықаралық тасымалдар" "H" торкөзін белгілейді. Бұл торкөзді белгілеген кезде Халықаралық тасымалдар бойынша қызмет көрсететін жеткізуші, ЭШФ-ны шетел валютасында жазып бере алады.

36. "Қосымша мәліметтер" деген 11-жолда:

мәмілеге қатысушыларға қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушының қосымша мәліметтері көрсетіледі. Мәліметтердің құрамын мәміле тараптары дербес айқындайды.

Лизинг берушімен жазылып берілетін қосымша шот-фактурада Салық кодексінің 197-бабының талаптарын сақтамаған жағдайларда осы жолда "Салық кодексінің 197-бабының талаптарын сақтамау" деген сөз көрсетіледі.

37. "Жеткізушінің банктік деректемелері" В1 бөлімінде:

1) "КБе" деген 12-жолда – тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізушінің бенефициар коды екі цифр көрсетіледі: бенефициардың резиденттік белгісі және бенефициардың экономика секторы бұл жол Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14365 тіркелген) "Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану қағидаларын бекіту туралы" 2016 жылғы 31 тамыздағы № 203 қаулысына сәйкес толтырылады;

2) "ЖСК" деген 13-жолда банк шотының нөмірі көрсетіледі;

3) "БСК" деген 14-жолда 13-жолда көрсетілген жеткізушінің есеп шоты ашық жеткізуші банкінің банктік сәйкестендіру коды көрсетіледі;

4) "Банктің атауы" деген 15-жолда "БСК" деген 14-жолда көрсетілетін банктің атауы, БСК көрсетіледі.

Бұл бөлім егер "Алушының санаты" 20-жолда "Мемлекеттік мекемелер" "Е" торкөзі белгіленсе, міндетті түрде толтыруға жатады. Сондай-ақ, бұл бөлімді егер тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді алушы мемлекеттік мекеме болып табылмаса толтыруы мүмкін.

38. ЭШФ "Алушының деректемелері" С бөлімінде:

1) "ЖСН/БСН" деген 16-жолда тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушының ЖСН немесе БСН көрсетіледі (жол толтыруға жатады).

Егер "Алушының санаты" деген 20-жолдың "Резидент емес" F торкөзі белгіленсе, бұл жол толтыруға міндетті болып табылмайды;

2) "Заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелерінің БСН" деген 16.0-жолда тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушы заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелерінің БСН көрсетіледі;

3) "Қайта ұйымдастырылған тұлғаның БСН" деген 16.1-жолда түзетілген немесе қосымша ЭШФ жазып берген кезде қосылу, бірігу, бөлініп шығу жолымен қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның БСН көрсетіледі;

4) "Алушы" деген 17-жолда тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушының атауы көрсетіледі (жол толтыруға жатады):

тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушылар болып табылатын жеке тұлғаларға қатысты - тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда);

тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушылар болып табылатын дара кәсіпкерлерге қатысты не жеке практикамен айналысатын адамдардың - ҚҚС бойынша тіркеу есебіне қою туралы куәлікте көрсетілген салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) және (немесе) атауы;

тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушылар болып табылатын заңды тұлғаларға (заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелеріне) қатысты - заңды тұлғаны (заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшені) мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамада көрсетілген атауы. Бұл ретте, ұйымдық-құқықтық нысанын көрсету бөлігіндегі дәстүрге, оның ішінде іскерлік айналымдағы дәстүрге сәйкес аббревиатуралар пайдаланылуы мүмкін;

5) "Қатысу үлесі" деген 17.1-жолда бірлескен қызметке қатысу үлесі көрсетіледі. Бұл жол "Жеткізушінің санаты" деген 20-жолда "D" деген ұяшықты белгілеген жағдайда толтырылуы мүмкін;

6) "Орналасқан орнының мекенжайы" деген 18-жолда Салық кодексінің 74-бабы 7-тармағына сәйкес тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушының орналасқан жері көрсетіледі. Орналасқан жерінің мекенжайы туралы ақпараттар

болмаған жағдайда, жол толтырылмай қалдырылады оны қолмен толтыру құқығы болмайды (жеке тұлғаның атына ЭШФ жазып берген жағдайда, жол толтыру үшін міндетті емес);

7) "Ел коды" деген 18.1-жолда "Кедендік декларацияларды толтыру үшін пайдаланатын жіктеушілер туралы" Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешімімен (бұдан әрі – КОК-ның № 378 шешімі) бекітілген әлем елдерінің жіктеушісіне сәйкес елдің әріптік коды көрсетіледі (Шешімге 22-қосымша).

Аталған жол тауарды экспортқа өткізген кезде немесе бір заңды тұлға шегінде тауарды Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерге беруге (жылжытуға) байланысты толтыруға жатады, басқа да жағдайларда "KZ" автоматты түрде толтырылады.

39. "Қосымша мәліметтер" деген 19-жолда мәмілелерге қатысушыларға қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізушінің қосымша мәліметтері көрсетіледі. Мәліметтердің құрамын мәміле тараптары дербес айқындайды.

40. "Алушының санаты" деген 20-жолда:

"А" ұяшығында – егер алушы комитент болып табылған жағдайда;

"В" ұяшығында – егер алушы комиссионер болып табылған жағдайда;

"С" ұяшығында – егер алушы лизинг алушы болып табылған жағдайда;

"D" ұяшығында – егер алушы бірлескен қызмет туралы шартқа қатысушы болып табылған жағдайда белгі қойылады.

Бұл ретте, "Саны" деген 20.1-жолда бірлескен қызмет туралы шартқа қатысушылардың саны көрсетіледі. "D" ұяшығы белгіленген және С "Алушының деректемелері" және Н "Бірлескен қызметке қатысушылардың тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша деректері" деген бөлімдерінің "Саны" деген 20.1-жолда бірлескен қызмет туралы шартқа қатысушылардың саны көрсетілген жағдайда, бірлескен қызмет туралы шартқа әрбір қатысушы бойынша толтырылады;

"Е" ұяшығында – егер алушы мемлекеттік мекеме болып табылған жағдайда;

"F" ұяшығында – егер алушы Қазақстан Республикасындағы салық есебінде тұрмаған резидент емес немесе оның мекенжайына, бір заңды тұлғаның шегінде оны беруге байланысты тауарларды ЕАЭО мүше мемлекеттің аумағына әкету жүзеге асырылатын жеткізушінің құрылымдық бөлімшесі болып табылған жағдайда толтырылады;

"G" ұяшығында – егер жеткізуші:

өнімді бөлу туралы келісімге (келісімшартқа) (ӨБК) қатысушы;

өнімді бөлу туралы келісімге (келісімшартқа) (ӨБК) қатысушы болып табылатын салық төлеушіге тауарларды жеткізуге шарт бойынша жеткізуші болып табылған жағдайда;

"H" ұяшығы – егер жеткізуші өкіл болып табылған жағдайда;



"I" ұяшығы – егер алушы бақылау-касса машиналардың чектерін міндетті түрде бере отырып немесе төлем карточкаларын пайдаланып, төлемдерді жүзеге асыруға арналған жабдықты (құрылғыны) қолдана отырып жүзеге асырылатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер өткізілген, тауар сатылған жеке тұлға болып табылған жағдайда толтырылады;

"J" ұяшығы – егер тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушы жеке тұлға болып табылған жағдайда белгі жасалады.

Аталған торкөз, егер жеке тұлға дара кәсіпкер (жеке практикамен айналысатын адамдар) ретінде тіркелген жағдайда, тауарды, жұмысты, көрсетілетін қызметті кәсіпкерлік қызмет мақсаты үшін емес немесе жеке практикамен айналысудан түскен табысты алу сатып алатынын атап өтеді.

Өнімді бөлу туралы келісімнің (келісімшарттың) немесе өнімді бөлу туралы келісімнің (келісімшарттың) қатысушысы (ӨБК) болып табылатын салық төлеушіге тауарлады жеткізуге келісімнің және (немесе) бірлескен қызмет туралы шарттар шеңберінде ЭШФ жазып берілген жағдайда "Алушының деректемелері" С бөлімінде:

1) Салық кодексінің 417-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес ЭШФ жазып берілетін өкілінің немесе бірлескен қызмет туралы шартқа қатысушының деректемелері;

2) бірлескен қызмет туралы шарттың әрбір қатысушысының деректемелері;

3) өнімді бөлу туралы келісімнің (келісімшарттың) қатысушысының деректемелері көрсетіледі.

"Алушының деректемелері" С бөліміндегі тапсырма шартының шеңберінде ЭШФ жазып берілген жағдайда Салық кодексінің 374-бабына сәйкес сенім білдірушінің деректемелері көрсетіледі.

"Өнімді бөлу туралы келісімге (келісімшартқа) қатысушы (ӨБК) немесе тауарларды жеткізуге келісім бойынша жеткізіп беруші" "G" және (немесе) "Бірлескен қызмет туралы шартқа қатысушы" "D" торкөзді белгілеген кезде өнімді бөлу туралы келісімге (келісімшартқа) қатысушы және (немесе) бірлескен қызмет туралы шартқа қатысушылардың саны көрсетілетін "Саны" 20.1-жол толтырылады, бұл өнімді бөлу туралы келісімге (келісімшартқа) қатысушы және (немесе) бірлескен қызметтің әрбір қатысушысы үшін толтырылатын "Жеткізушінің деректемелері" С, "Бірлескен қызмет туралы шартқа қатысушылардың тауарлары, жұмыстары, көрсетілетін қызметтері" Н бөлімдерінің санын арттырады.

41. ЭШФ "Мемлекеттік мекеменің деректемелері" С1 бөлімінде:

1) "ЖСК" деген 21-жолда:

мемлекеттік мекеменің қаржыландыру көзіне қарай республикалық бюджетке (облыстық бюджетке (республикалық маңызы бар қала (астана) бюджетіне) не аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетіне) түсетін түсімдерді есепке алу;

мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақшаны есепке алу және олардың есебінен шығыстарды жүргізу;

мемлекеттік мекемелер үшін демеушілік, қайырымдылық көмектен түсетін, олар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес алатын ақшаны есепке алу және жұмсау;

мемлекеттік мекемеге қайтарымды не белгілі бір жағдайлар басталған кезде тиісті бюджетке немесе үшінші тұлғаларға аудару шартында жеке және (немесе) заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес мемлекеттік мекемеге беретін ақшаны есепке алу;

ерекше шығыстарды жүргізуге арналған бюджет ақшасын есепке алу және оларды пайдалану жөніндегі операцияларды есептеу үшін қолма-қол ақшаны бақылау шотының тиісті жеке сәйкестендіру коды;

2) "Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің коды" деген 22-жолда Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 25 мамырдағы № 215 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5702 тіркелген) республикалық немесе жергілікті бюджеттің есебінен ұсталатын, сатудан түсетін ақша өздерінің иелігінде қалатын мемлекеттік мекемелердің тауарлары (жұмыстары, көрсетілетін қызметтері) тізбесінің сыныптауышына сәйкес тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің коды көрсетіледі (осы жол толтыру үшін міндетті болып табылмайды);

3) "Төлем мақсаты" деген 23-жолда осы шот-фактура бойынша мемлекеттік мекеме сатып алған тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу үшін төлем мақсаты көрсетіледі;

4) "БСК" деген 24-жолда ЭШФ АЖ автоматты түрде бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті органның банктік сәйкестендіру нөмірін көрсетеді.

Осы тармақта көрсетілген деректемелер Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9934 тіркелген Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығымен бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесіне сәйкес толтырылады.

"Мемлекеттік мекеменің деректемелері" С1 бөлімі "Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің коды" 22-жолын қоспағанда, ЭШФ-ны мемлекеттік мекеменің атына жазып берген кезде толтырылады.

42. ЭШФ "Жүкті жөнелтушінің және жүкті алушының деректемелері" деген D бөлімінде жүкті жөнелтушінің және жүкті алушының (олар болған кезде) мынадай деректемелері:

- 1) "ЖСН/БСН" 25.1-жолда жүкті жөнелтушінің ЖСН немесе БСН;
- 2) "Атауы" 25.2-жолда жүкті жөнелтушінің атауы;
- 3) "Жөнелту мекенжайы" 25.3-жолда тауарды жөнелту орынының мекенжайы;
- 4) "ЖСН/БСН" 26.1-жолда жүкті алушының ЖСН немесе БСН;

5) "Атауы" 26.2-жолда жүкті алушының атауы;

6) "Жеткізу мекенжайы" 26.3-жолда тауарды жеткізу орынының мекенжайы көрсетіледі;

7) "Ел коды" 26.4-жолда "Кедендік декларацияларды толтыру үшін пайдаланатын жіктеушілер туралы" КОК-ның № 378 шешімімен бекітілген әлем елдерінің жіктеуішіне сәйкес елдің әріптік коды (Шешімге 22-қосымша).

Аталған жол тауарды экспортқа өткізген кезде немесе бір заңды тұлға шегінде тауарды Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерге беруге (жылжытуға) байланысты толтыруға жатады, басқа да жағдайларда "KZ" автоматты түрде толтырылады.

"Жүкті жөнелтушінің және жүкті алушының деректемелері" деген D бөлімінде жолды толтыру "Елдердің коды" 26.4-жолын қоспағанда, міндетті болып табылмайды.

43. "Шарт (келісімшарт)" E бөлімінде:

1) "Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізуге арналған шарт (келісімшарт)" 27.1-жолда белгі жасалады және тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізуге арналған шарттың (келісімшарттың) нөмірі көрсетілетін "Нөмірі" 27.3-жолы және тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізуге шарттың (келісімшарттың) күні көрсетілетін "Күні" 27.4-жолы толтырылады. Бұл жолдар өзара тәуелді жолдар болып табылады. "Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізуге арналған шартсыз (келісімшартсыз)" деген 27.2-жолды белгілеген кезде 27.3 және 27.4-жолдар толтыруға жатпайды;

2) "Шарт бойынша төлем талаптары" 28-жолда тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізуге арналған шартқа (келісімшартқа) сәйкес төлем талаптары көрсетіледі;

3) "Жөнелту тәсілі" 29-жолда тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізуге арналған шартқа (келісімшартқа) сәйкес жөнелту тәсілі көрсетіледі. Жөнелту тәсілі "Кедендік декларацияларды толтыру үшін пайдаланатын жіктеушілер туралы" КОК-ның № 378 шешімімен бекітілген көлік және тауарларды тасымалдау жіктеуішіне сәйкес сандық кодпен көрсетіледі (Шешімге 3-қосымша);

4) "Тауарларды жеткізу сенімхат бойынша жүзеге асырылды" 30-жолы тауарларды жеткізу жүзеге асырылған сенімхаттың нөмірі көрсетілетін "Нөмірі" 30.1-жолдан және оның негізінде осындай тауарларды жеткізу жүзеге асырылған сенімхаттың күні көрсетілетін "Күні" 30.2-жолдан тұрады. Бұл жолдар өзара тәуелді жолдар болып табылады;

5) "Межелі пункт" 31-жолда тауарды жеткізу орнының әкімшілік-аумақтық бірлігі көрсетіледі.

Аталған жол, Қазақстан Республикасының аумағынан тауарды, оның ішінде тауарды бір заңды тұлғаның шегінде беруге байланысты әкеткен жағдайда толтыруға жатады;

б) "Жөнелту шарттары" 31.1-жолда "Кедендік декларацияларды толтыру үшін пайдаланатын жіктеушілер туралы" Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 Шешімімен бекітілген жөнелту шарттарына сәйкес дәстүрлі, оның ішінде іскерлік айналымы (Инкотермс) дәстүрлеріне сәйкес халықаралық операциялар үшін бас әріптермен, латын шрифінде үш мәнді әріпті код көрсетіледі (Шешімге 13-қосымша).

"Шарт (келісімшарт)" Е бөлімінде жолды толтыру "Жөнелту тәсілі" 29-жолын және "Межелі пункті" 31-жолын қоспағанда, міндетті болып табылмайды.

44. "Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізуді растайтын құжаттардың деректемелері" F бөлімде "Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізуді растайтын құжат" 32-жолда тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізуді растайтын құжаттың нөмірі мен күні көрсетіледі, "Нөмірі" деген 32.1 және "Күні" деген 32.2-жолдардан тұрады (егер 32.1 немесе 32.2-жолдардың бірін толтырған жағдайда, онда аталған жолдың екіншісі толтырылуы тиіс).

45. "Тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша деректер" деген G бөлімінде:

1) "Валюта коды" деген 33.1-жолда Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 Шешімімен бекітілген "Валюталар жіктеуіші" деген 23-қосымшаға сәйкес валюта коды көрсетіледі (жол, егер "Жеткізушінің санаты" деген 10-жолда "ӨБК қатысушы немесе ӨБК шеңберінде жасалған мәміле" "Е" ұяшық немесе "Экспорттаушы" "G" ұяшық немесе "Халықаралық тасымалдаушы" "H" ұяшық белгіленсе толтырылады), және де "Сатып алушы санаты" деген 20-жолда "ӨБК қатысушы немесе ӨБК шеңберінде жасалған мәміле" "Е" ұяшық белгіленген жағдайда;

2) "Валюта бағамы" деген 33.2-жолда:

егер осы тармақтың екінші бөлігінде өзгеше белгіленбесе, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша айналымды жасау күнінің алдындағы соңғы жұмыс күні белгіленген валюталардың нарықтық бағамы;

Егер Кодекстің 722-бабы 1-тармағына сәйкес салық салу режимі қарастырылған жеткізіп берушілер жер қойнауын пайдаланушы болып табылған жағдайда – өнімді бөлу туралы тиісті келісімде (келісімшартта) белгіленген тәртіпте айқындалған валюталық бағам немесе тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша айналымды жасау күнінің алдындағы соңғы жұмыс күні белгіленген валюталардың нарықтық бағамы;

Жол, егер "Жеткізушінің санаты" деген 10-жолда "ӨБК қатысушы немесе ӨБК шеңберінде жасалған мәміле" Е ұяшық немесе "Экспорттаушы" G ұяшық немесе "Халықаралық тасымалдаушы" "H" ұяшық белгіленсе және "Валюта коды" деген 33.1-жолда "KZT"-ден өзгеше мән көрсетілсе, және де "Сатып алушы санаты" деген 20-жолда "ӨБК қатысушы немесе ӨБК шеңберінде жасалған мәміле" "Е" ұяшық белгіленген жағдайда, осы жол толтырылады.

46. "P\c №" деген 1-бағанда тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің әрбір атауы бойынша жолдың реттік нөмірі көрсетіледі.

47. "Тауардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің шығу тегінің белгілері" 2-бағанда тауардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің шығу тегінің мынадай белгілері (бұдан әрі – Белгі) көрсетіледі:

"1" – Қазақстан Республикасы аумағына ЕАЭО мүше мемлекеттердің аумағынан немесе үшінші елдерден әкелінген Тізбеге енгізілген тауарды өткізген жағдайда;

"2" – Қазақстан Республикасы аумағына ЕАЭО мүше мемлекеттердің аумағынан немесе үшінші елдерден әкелінген Тізбеге енгізілмеген тауарды өткізген жағдайда;

"3" – Қазақстан Республикасы аумағында өндірілген, Тізбеге енгізілген тауарды өткізген жағдайда;

"4" – Қазақстан Республикасы аумағында өндірілген, Тізбеге енгізілмеген тауарды өткізген жағдайда;

"5" – "1", "2", "3", "4" белгілеріне жатпайтын тауарды өткізген жағдайда;

"6" – жұмыстарды орындаған, қызметтерді көрсеткен жағдайда.

Осы жол толтыруға жатады.

48. "Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің атауы" деген 3-бағанда салық төлеуші өзінің есепке алу жүйесінде пайдаланатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тиісті атауына өткізілетін тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тиісті атауы көрсетіледі.

Осы жол "Тауардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің шығарылған жерінің белгілері" деген 2-бағандағы "3", "4", "5", "6" Белгілеріне жататын тауарлар бойынша толтыруға жатады.

49. "Тауарларға арналған декларацияға немесе тауарларды әкелу және жанама салықтардың төленгені туралы өтінішке сәйкес тауарлардың атауы" 3/1-бағанда үшінші елдердің аумағынан импорты кезінде тауарларға арналған декларацияның негізгі (қосалқы) парағының 31-бағанында немесе ЕАЭО мүше мемлекеттің аумағынан импорты кезінде тауарларды әкелу және жанама салықтардың төленгені туралы өтініштің 2-бағанында көрсетілген тауардың атауы көрсетіледі.

Аталған жол "Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің шығарылған жерінің белгілері" деген 2-бағандағы "1", "2" Белгілеріне жататын тауарлар бойынша толтыруға жатады.

Бұл ретте, осы Қағидалардың 7-тармағымен белгіленген тауарлар бойынша аталған жол Модуль арқылы автоматты түрде толтырылады.

50. "Тауарлардың (ЕАЭО СЭҚ ТН) коды" 4-бағанда ЕАЭО СЭҚ ТН коды көрсетіледі.

"Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің шығарылған жерінің белгілері" деген 2-бағандағы "1", "2" Белгілеріне жататын тауарлар өткізілген жағдайда, үшінші елдердің аумағынан импорты кезінде тауарларға арналған декларацияның 33-

бағанында немесе ЕАЭО мүше мемлекеттің аумағынан импорты кезінде тауарларды әкелу және жанама салықтардың төленгені туралы өтініштің 3-бағанында көрсетілген ЕАЭО СЭҚ ТН коды көрсетіледі.

Осы жол "Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің шығарылған жерінің белгілері" деген 2-бағандағы "1", "2", "3" белгілеріне, сондай-ақ ЕАЭО мүше мемлекетке тауарлардың экспорты кезінде "4" белгіге жататын тауарлар бойынша толтыруға жатады.

Бұл ретте Модуль арқылы өткізілген тауарлар бойынша аталған жол автоматты түрде толтырылады.

СЭҚ ТН коды өзгерген (жойылған) жағдайда, осы жолда қолданыстағы ЭШФ жазып беру күніне СЭҚ ТН ауыстырылған коды көрсетіледі.

51. "Өлшем бірлігі" деген 5-бағанда өткізілетін тауарлардың, орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің өлшем бірлігі (шартты белгі) (ол болған кезде ) көрсетіледі.

Аталған жол жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету жағдайларын қоспағанда, толтыруға жатады.

Бұл ретте Модуль арқылы өткізілген тауарлар бойынша аталған жол автоматты түрде толтырылады.

52. "Саны (көлемі)" деген 6-бағанда осы Қағидалардың 51-тармағында көзделген тауарлардың, орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің ЭШФ бойынша өткізілетін, қабылданған өлшем бірліктерін негізге ала отырып, саны (көлемі) (оларды көрсету мүмкін болған кезде) көрсетіледі.

Аталған жол жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету жағдайларын қоспағанда, толтыруға жатады.

53. "Жанама салықтарсыз тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бір бірлігі үшін бағасы (тариф)" деген 7-бағанда ҚҚС пен акцизді есепке алмағандағы тауарлардың, орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің шарт (келісімшарт) бойынша бірлігі үшін бағасы (тариф) (оны көрсету мүмкіндігі болған кезде) көрсетіледі

Аталған жол жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету жағдайларын қоспағанда, толтыруға жатады.

54. "Жанама салықтарсыз тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің құны" деген 8-бағанда ҚҚС пен акцизді есепке алмағандағы ЭШФ бойынша тиеп жөнелтілген (жеткізілетін) тауарлардың, орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің барлық санының (көлемінің) құны көрсетіледі.

Осы жол толтыруға жатады.

55. "Акциздің ставкасы" деген 9-бағанда акцизделетін тауарларды өткізген жағдайда акциздің ставкасы көрсетіледі.

56. "Акциз сомасы" деген 10-бағанда 9-бағанда көрсетілген ставка бойынша есептелген акцизделетін тауарлар бойынша акциздің сомасы көрсетіледі.

57. "Өткізу бойынша айналымның (салық салынатын/салық салынбайтын айналым) мөлшері" деген 11-бағанда Салық кодексінің 380-бабына сәйкес айқындалған өткізу бойынша айналым мөлшері.

Осы жол толтыруға жатады.

58. "ҚҚС ставкасы" деген 12-бағанда ҚҚС ставкасы көрсетіледі. Салық салынбайтын айналымдар бойынша ЭШФ жазып берілген, сондай-ақ ҚҚС төлеуші болып табылмайтын салық төлеушіге ЭШФ жазып берілген жағдайда, түзету мүмкіндігінсіз "ҚҚС-сыз" белгісі көрсетіледі.

Осы жол толтыруға жатады.

59. "ҚҚС сомасы" деген 13-бағанда осы Қағидалардың 58-тармағында көрсетілген ставка бойынша есептелген ҚҚС сомасы көрсетіледі.

Осы жол толтыруға жатады.

60. "Жанама салықтарды есепке алғандағы тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің құны" деген 14-бағанда ҚҚС пен акцизді есепке алғандағы ЭШФ бойынша тиіп жөнелтілген (жеткізілетін) тауарлардың, орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің барлық санының (көлемінің) құны көрсетіледі.

Осы жол толтыруға жатады.

61. "Тауарларға арналған декларацияның, тауарларды әкелу және жанама салықтардың төленгені туралы өтініштің №, ТС-1 немесе ТС-KZ" 15-бағанда:

Қазақстан Республикасының аумағына үшінші елдерден әкелінетін және "Тауардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің шығарылған жерінің белгілері" деген 2-бағандағы "1" Белгісіне жататын тауарларды өткізген жағдайда, тауарларға арналған декларацияның 20 мәнді тіркеу нөмірі көрсетіледі.

Бұл ретте тауарларға арналған декларацияның әртүрлі тіркеу нөмірі бойынша біртекті импортталған тауарлар осы бөлімнің жеке жолдарында көрсетіледі;

ЕАЭО мүше мемлекеттің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген және "Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің шығарылған жерінің белгілері" деген 2-бағандағы "1" Белгісіне жататын тауарларды өткізген жағдайда, тауарларды әкелу және жанама салықтардың төленгені туралы өтініштің 18 мәнді тіркеу нөмірі көрсетіледі.

Бұл ретте тауарларды әкелу және жанама салықтардың төленгені туралы өтініштің әртүрлі тіркеу нөмірі бойынша біртекті импортталған тауарлар осы бөлімнің жеке жолдарында көрсетіледі;

Қазақстан Республикасының аумағынан "Тауардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің шығарылған жерінің белгілері" деген 2-бағандағы "3" Белгісіне жататын

тауарлар экспортталған жағдайда тауардың шығарылған жері сертификатының 13-мәнді тіркеу нөмірі (ТС-1) көрсетіледі.

Бұл ретте тауардың шығарылған жері сертификатының әртүрлі нөмірі бойынша біртекті тауарлар осы бөлімнің жеке жолдарында көрсетіледі.

"Тауардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің шығарылған жерінің белгілері" деген 2-бағандағы "3" Белгісіне жататын еркін экономикалық аймақ аумағында немесе еркін қоймаларда өндірілген тауарлар Қазақстан Республикасының аумағынан экспортталған жағдайда, тауардың шығарылған жері сертификатының 11-мәнді тіркеу нөмірі (ТС- KZ) көрсетіледі. Бұл ретте тауардың шығарылған жері сертификатының әртүрлі нөмірі бойынша біртекті тауарлар осы бөлімнің жеке жолдарында көрсетіледі.

Осы жол "Тауардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің шығарылған жерінің белгілері" деген 2-бағандағы "1" Белгілеріне, сондай-ақ ЕАЭО мүше мемлекетке тауарлардың экспорты кезінде "3" белгіге жататын тауарлар бойынша толтырылады.

Бұл ретте Модуль арқылы өткізілген тауарлар бойынша аталған жол автоматты түрде толтырылады.

62. "Тауарларға арналған декларациядан немесе тауарларды әкелу және жанама салықтардың төленгені туралы өтініштен тауар позициясының нөмірі" деген 16-бағанда тауарларға арналған декларацияның 32-бағанында көрсетілген тауардың реттік нөмірі немесе тауарларды әкелу және жанама салықтардың төленгені туралы өтініштің 1-бағанында көрсетілген тауардың реттік нөмірі көрсетіледі.

Осы жол "Тауардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің шығарылған жерінің белгілері" деген 2-бағандағы "1" белгісіне жататын тауарлар бойынша толтырылады.

Бұл ретте Модуль арқылы өткізілген тауарлар бойынша аталған жол автоматты түрде толтырылады.

63. "Тауардың, жұмыстардың, қызметтердің идентификаторы" деген 17-бағанда ЭШФ АЖ-ғы Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің анықтамалығынан алынған тауардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің идентификаторы көрсетіледі.

Осы жол міндетті түрде толтыруға жатады.

64. "Қосымша мәліметтер" деген 18-бағанда мәмілеге қатысушыларға қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушының қосымша мәліметтері көрсетіледі. Мәліметтердің құрамын мәміле тараптары дербес айқындайды.

65. "Бірлескен қызметке қатысушылардың тауарлары, жұмыстары, көрсетілетін қызметтері бойынша деректері" деген Н бөлімінде:

1) "Бірлескен қызмет туралы шартқа қатысушының ЖСН/БСН" деген 34.1-жолда бірлескен қызмет туралы шартқа қатысушының және (немесе) өнімді бөлу туралы келісімге (келісімшартқа) қатысушының (ӨБК) немесе өнімді бөлу туралы келісімге (келісімшартқа) қатысушы болып табылатын тауарларды жеткізуге келісім бойынша жеткізіп берушінің ЖСН немесе БСН көрсетіледі;



2) "Қайта ұйымдастырылған тұлғаның БСН" деген 34.2-жолда түзетілген немесе қосымша ЭШФ жазып берген кезде қосылу, бірігу, бөлініп шығу жолымен қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның БСН көрсетіледі;

"Бірлескен қызметке қатысушылардың тауарлары, жұмыстары, көрсетілетін қызметтері бойынша деректері" деген Н бөлімі бірлескен қызмет туралы шарттың әрбір қатысушысы және (немесе) өнімді бөлу туралы келісімге (келісімшартқа) қатысушының (ӨБК) немесе өнімді бөлу туралы келісімге (келісімшартқа) қатысушы болып табылатын тауарларды жеткізуге келісім бойынша жеткізіп берушісі бойынша бірлескен қызмет туралы шартта және (немесе) өнімді бөлу туралы келісімде (келісімшартта) қатысушының (ӨБК) немесе өнімді бөлу туралы келісімге (келісімшартқа) қатысушы болып табылатын тауарларды жеткізуге келісімде айқындалған олардың қатысу үлесіне қарай осы Қағидалардың 45 – 64-тармақтарына сәйкес толтырылады.

Бұл ретте, "Бірлескен қызметке қатысушылардың тауарлары, жұмыстары, көрсетілетін қызметтері бойынша деректері" деген Н бөлімін толтырған кезде 7.1 немесе 17.1 бірлескен қызметке қатысудың көрсетілген үлесіне сәйкес 8, 10, 11, 13 және 14-бағандар толтырылады.

66. "Жеткізуші өкілінің (оператордың) деректемелері" I бөлімінде:

1) "БСН" 35-жолда тапсырыс шарты бойынша, оның ішінде өнімді бөлу туралы келісімнің (келісімшарттың) шеңберінде жүзеге асыратын қызмет бойынша жеткізушінің өкілі (операторы) болып табылатын заңды тұлғаның БСН көрсетіледі;

2) "Өкілі" 36-жолда тапсырыс шарты бойынша, оның ішінде өнімді бөлу туралы келісімнің (келісімшарттың) шеңберінде жүзеге асыратын қызмет бойынша жеткізушінің өкілі (операторы) болып табылатын заңды тұлғаның атауы көрсетіледі;

3) "Орналасқан жерінің мекенжайы" 37-жолда тапсырыс шарты бойынша, оның ішінде өнімді бөлу туралы келісімнің (келісімшарттың) шеңберінде жүзеге асыратын қызмет бойынша жеткізушінің өкілі (операторы) болып табылатын заңды тұлғаның орналасқан жері көрсетіледі. Деректер базасында заңды мекенжайы немесе орналасқан жерінің мекенжайы болмаған жағдайда, жол қолмен толтыру құқығынсыз, толтырусыз қалдырылады;

4) "Құжат" 38-жолы өнімді бөлу туралы келісімнің (келісімшарттың), БСН 35-жолда көрсетілген өкілді (операторды) анықтайтын өзге де құжаттың нөмірі мен күні көрсетілетін, "Нөмірі" 38.1 және "Күні" 38.2 жолдардан тұрады (егер толтырылған жолдардың бірі 38.1 және 38.2 болса, екінші жол толтыруға жатады);

Бұл бөлім Салық кодексінің 426-бабы 3-тармағында көзделген жағдайда, өнімді бөлу туралы келісімнің (келісімшарттың) шеңберінде жүзеге асыратын қызмет бойынша, толтыруға жатпайды.

67. "Алушы өкілінің (оператордың) деректемелері" J бөлімінде:

1) "БСН" 39-жолда тапсырыс шарты бойынша, оның ішінде өнімді бөлу туралы келісімнің (келісімшарттың) шеңберінде жүзеге асыратын қызмет бойынша сатып алушының өкілі (операторы) болып табылатын заңды тұлғаның БСН көрсетіледі;

2) "Өкіл" 40-жолда тапсырыс тапсырыс шарты бойынша, оның ішінде өнімді бөлу туралы келісімнің (келісімшарттың) шеңберінде жүзеге асыратын қызмет бойынша сатып алушының өкілі (операторы) болып табылатын заңды тұлғаның атауы көрсетіледі;

3) "Орналасқан жерінің мекенжайы" 41-жолда тапсырыс шарты бойынша, оның ішінде өнімді бөлу туралы келісімнің (келісімшарттың) шеңберінде жүзеге асыратын қызмет бойынша сатып алушының өкілі (операторы) болып табылатын заңды тұлғаның орналасқан жері көрсетіледі. Деректер базасында заңды мекенжайы немесе орналасқан жерінің мекенжайы болмаған жағдайда, жол қолмен толтыру құқығынсыз, толтырусыз қалдырылады;

4) "Құжат" 42-жолда өнімді бөлу туралы келісімнің (келісімшарттың), БСН 35-жолда көрсетілген өкілді (операторды) анықтайтын өзге де құжаттың нөмірі мен күні көрсетілетін, "Нөмірі" 42.1 және "Күні" 42.2-жолдардан тұрады (егер толтырылған жолдардың бірі 42.1 және 42.2 болса, екінші жол толтыруға жатады);

Бұл бөлім Салық кодексінің 426-бабы 3-тармағында көзделген жағдайда, өнімді бөлу туарыл келісімнің (келісімшарттың) шеңберінде жүзеге асыратын қызмет бойынша, толтыруға жатпайды.

68. "Қосымша мәліметтер" деген К бөліміндегі 43-жолда мәмілеге қатысушыларға қажетті қосымша мәліметтер көрсетіледі. Мәліметтердің құрамын мәміле тараптары дербес айқындайды.

69. "ЭЦҚ бойынша мәліметтер" деген L бөлімде:

1) "Заңды тұлғаның (заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің) немесе дара кәсіпкердің не жеке практикамен айналысатын адамдардың ЭЦҚ" деген 44-жолда егер шот-фактураға қол қою заңды тұлғаның (заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің) немесе дара кәсіпкердің не жеке практикамен айналысатын адамдардың ҰКО тіркеу куәлігінің көмегімен орындалған жағдайда, заңды тұлғаның (заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің) ЭЦҚ көрсетіледі;

2) "Шот-фактураға қол қоюға уәкілетті адамның ЭЦҚ" деген 45-жолда егер шот-фактураға қол қою АЖ ЭШФ қатысушы атынан шот-фактура жазып беруге құқылы жеке тұлғаның ҰКО жеке тіркеу куәлігінің көмегімен орындалған жағдайда, шот-фактураға қол қоюға уәкілетті адамның ЭЦҚ көрсетіледі;

3) "ЭШФ жазып беретін адамның Т.А.Ә. (болған жағдайда)" деген 46-жолда ЭШФ жазып беретін адамның тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайда) көрсетіледі.

70. Жазып берілген ЭШФ-да, толтыру үшін міндетті болып табылатын салық төлеуші өзі дербес толтырған деректемелер көрсетіледі.

71. ЭШФ, егер осы Қағидаларға сәйкес оған ЭШФ АЖ қатысушы ЭЦҚ құралдарымен қол қойса, сондай-ақ осындай ЭШФ-на тіркеу нөмірі берілсе, ЭШФ жазып берген адам жіберген деп саналады.

## **2. Параграф. ЭШФ куәландыру**

72. Құжат айналымы жұмысын қамтамасыз ету, жүйедегі сәйкестендіру, электрондық құжаттарға қол қою, электрондық құжаттардың түпнұсқалығын растау үшін ЭШФ АЖ-де ҰКО РҚ электрондық нысандағы тіркеу куәліктерімен міндетті түрде қол қою көзделген.

73. ЭШФ заңды тұлғаның (заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі), дара кәсіпкер не жеке практикамен айналысатын адамдардың немесе уәкілетті адамның ЭЦҚ куәландырылады.

74. ЭШФ куәландыру кезінде ЭШФ АЖ тіркеу куәлігін осы тіркеу куәлігінің жарамдылағы (қолданылу мерзімі, тіркеу куәлігі иесінің сәйкестендіру деректері және т.б.) мәніне тексеруді жүзеге асырылады.

## **3. Параграф. ЭШФ алынғанын растау ерекшеліктері**

75. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушы оған қосымша, түзетілген ЭШФ жазып берген немесе қайтарып алынған жағдайда осындай ЭШФ жазып берген немесе қайтарып алынған күннен бастап 10 күнтізбелік күн ішінде осындай ЭШФ ауытқуы туралы ақпаратты ЭШФ АЖ құралдарында көрсету жолымен осындай ЭШФ жазып берумен немесе ЭШФ қайтарып алуға келіспеушілігін көрсету.

76. Түзетілген, қосымша және (немесе) қайтарып алынған ЭШФ, мұндай ЭШФ алғанын растау мақсатында мынадай мәртебе беріледі:

1) "Қаралмады" – тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушы ЭШФ қарағанға дейін;

2) "Жеткізілді" – тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушы ЭШФ қарағаннан кейін.

77. Егер осы Қағидалардың 76-тармағында белгіленген мерзімдерде ЭШФ АЖ орындалды, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушы ЭШФ қайтармаған жағдайда, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушы растады деп ЭШФ саналады.

78. Егер түзетілген қосымша ЭШФ жазып берген немесе қайтарып алынған күннен бастап 10 күнтізбелік күн ішінде уәкілетті орган растаған техникалық қателіктер туындаған жағдайда, пайдаланылмаған күнтізбелік күннің санына түзетілген қосымша ЭШФ жазып берген немесе қайтарып алынған жазбамен келіспеуді көрсету үшін алушыға мерзім ұзартылады.

#### **4. Параграф. Тауарларды өткізу кезінде ЭШФ жазып беру ерекшеліктері**

79. Бақылау-касса машиналардың чектерін ұсына отырып немесе төлем карточкаларын пайдаланып, төлемдерді жүзеге асыруға арналған жабдықты (құрылғыны) қолдана отырып жүзеге асырылатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер өткізілген, Тізбеге енгізілген тауарларды жеке тұлғаларға өткізген кезде жеткізуші мұндай тауарларға "Алушының деректемелері" деген С бөлімінде жеке жолдарды толтыра отырып, тауардың әрбір түрі бойынша бір күн ішіндегі барлық айналымға ЭШФ жазып береді:

"Алушы" деген 17-жолда - "Жеке тұлға" (бұл жол автоматты түрде толтырылады);

"Орналасқан жерінің мекенжайы" деген 18-жолда – "Бөлшек сауда" (бұл жол автоматты түрде толтырылады);

"Алушының деректемелері" С бөлімінің "Алушының санаты" 20-жолының "Г" торкөзіне – белгі қойылады.

Қажет болған жағдайда бірнеше ЭШФ жазылып берілуі мүмкін.

#### **5. Параграф. ЭШФ сақтау**

80. ЭШФ АЖ жазылып берілген және тіркелген, оның ішінде кері қайтарылған, күші жойылған және қабылданбаған ЭШФ "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 24 қарашадағы Заңында белгіленген мерзім ішінде уәкілетті органның ЭШФ АЖ сақталады.

81. ЭШФ АЖ әкімшісі болып табылатын уәкілетті орган, ЭШФ АЖ тіркелген, оларды өңдеу процесі барысында мәртебелерінің өзгеруі туралы ақпаратты қоса алғанда, ЭШФ бойынша ақпараттың сақталуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ бұл мәліметтерге санкциясыз қол жеткізуден қорғауды қамтамасыз етеді.

Электрондық шот-фактуралардың  
ақпараттық жүйесінде  
шот-фактураны электронды  
нысанда жазып беру қағидалары  
1-қосымша  
Нысан

### **Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесін пайдалану туралы келісім**

#### **1-тарау. Жалпы ереже**

1. Осы Келісімде пайдаланылатын ұғымдар:

өкіл (оператор) – Қазақстан Республикасының шот-фактуралар жөніндегі салық заңнамасымен реттелетін қатынастарға қатысатын және өнімді бөлу туралы шарттың немесе келісімнің (келісімшарттың) негізінде әрекет ететін заңды тұлға;

уәкілетті жеке тұлға – заңды тұлғаның (заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің) немесе дара кәсіпкер не жеке практикамен айналысатын адамдардың электрондық шот-фактураның ақпараттық жүйесінде құжат айналымы процесінде осындай заңды тұлғаның атынан сенімхат негізінде операцияларды жүзеге асыруға құқық, оның ішінде заңды тұлғаның (заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің) немесе дара кәсіпкер не жеке практикамен айналысатын адамдардың атынан ЭШФ қол қою құқығы берілген заңды тұлғаның қызметкері. Бұл ретте ЭШФ қолтаңба құқығы тек заңды тұлғаның атынан беріледі(заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің);

электрондық құжат – электрондық-цифрлық нысанда (бұдан әрі – ЭЦН) ақпарат табыс етілген және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат;

электрондық нысанда жазып берілетін шот-фактура (бұдан әрі – ЭШФ) – "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 412-бабы 2-тармағына сәйкес бекітілген ЭШФ АЖ арқылы жазып берілетін құжат және салық заңнамасы нормаларының тиісті талаптарына және Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидалары;

электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нысандар терімі;

электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – ЭШФ АЖ) – уәкілетті органның ақпараттық жүйесі, ол арқылы электрондық нысанда жазып берілетін шот-фактураларды жазып беру, жіберу, қабылдау, тіркеу, өңдеу, беру, алу және сақтау жүзеге асырылады;

ЭШФ АЖ қатысушы – ЭШФ АЖ пайдалану туралы келісімге қол қойған және ЭШФ АЖ-де тіркелген адам;

ЭШФ АЖ операторы – ЭШФ АЖ әкімшісі болып табылатын мемлекеттік орган.

## **2-тарау. Келісімнің нысанасы**

2. Осы Келісім бойынша ЭШФ АЖ қатысушы өзіне ЭШФ жазып беру, жөнелту, қабылдау, тіркеу, өңдеу, беру, алу және сақтау жүзеге асырылатын ЭШФ АЖ пайдалану бойынша міндеттерді қабылдайды.

3. ЭШФ операторы ЭШФ АЖ қатысушыға ЭШФ АЖ-не рұқсат беруді қамтамасыз етеді.

4. Осы Келісім бойынша ЭШФ жазып беріледі, ЭШФ АЖ арқылы жөнелтіледі және қабылданады, ЭЦҚ қол қойылады және ЭШФ АЖ-де сақталады.

## **3-тарау. Қатысушының құқықтары мен міндеттері**

5. ЭШФ АЖ қатысушыға Салық кодексінде, ЭШФ құжат айналымы қағидаларында, сондай-ақ осы Келісімде көзделген құқықтар беріледі және ол өзіне міндеттерді қабылдайды.

6. Жеке тұлға – ЭШФ АЖ қатысушы осы Келісімге және ЭШФ құжат айналымы қағидаларына сәйкес ЭШФ АЖ-де өзі, егер уәкілетті жеке тұлға болып табылатын заңды тұлғаның (заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің) және оның контрагенттері жазып берген ЭШФ қарауға құқылы.

7. ЭШФ АЖ қатысушы электрондық құжат және ЭЦҚ туралы Қазақстан Республикасының заңын сақтай отырып, ЭШФ жазып беруге міндеттенеді.

8. Заңды тұлғаның (заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің) басшысы ауысқан жағдайда, ЭШФ АЖ қатысушы заңды тұлғаның (заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің) уәкілетті өкілі:

1) ЭШФ қатысушы заңды тұлғаның (заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің) орналасқан орны бойынша "Азаматтар үшін үкімет" әділет органына немесе мемлекеттік корпорацияға – заңды тұлғаның (заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің) басшылары туралы мәліметтер өзгерту үшін өтінішпен – "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңына сәйкес;

2) жаңа тіркеу куәлігін алу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Ұлттық куәландырушы орталыққа жүгінуге міндетті.

Егер ЭШФ жазып берілген күніне аталған заңды тұлғаның (заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің) басшысы болып табылмаған заңды тұлғаның (заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің) басшысы жазып берген жағдайда, онда жазып берілген ЭШФ-ға жаңа басшы жауаптылықта болады.

9. Заңды тұлғалар (заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелері) немесе дара кәсіпкер не жеке практикамен айналысатын адамдардың, ЭШФ АЖ-де жұмыс істеу үшін осы Келісімге қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық нысанда жасалған сенімхат негізінде уәкілетті жеке тұлға немесе сенімді (оператор) айқындайды.

10. Заңды тұлғаның (заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелері) немесе дара кәсіпкер не жеке практикамен айналысатын адамдардың, басшысы уәкілетті жеке тұлғаларға немесе сенімді (операторға) берілген құқықтарды түзетуге, қарауға не оны осы құқықтардан айыруға құқылы.

11. Заңды тұлғаның (заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің) – ЭШФ АЖ қатысушы заңды тұлға атынан заңды тұлғаның (заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің) бірнеше қызметкеріне бір мезгілде ЭШФ қол қою құқығын беруге құқылы.

12. Заңды тұлға (заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі) немесе дара кәсіпкер не жеке практикамен айналысатын адамдардың – ЭШФ АЖ қатысушы сенімхатты жою туралы шешім қабылданған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында

белгіленген тәртіппен осындай шешім қабылданған сәттен бастап күнтізбелік бір күннен кешіктірмей оны қайтарып алады.

13. ЭШФ АЖ қатысушы ЭШФ АЖ пайдаланудан бас тартқан жағдайда, кейіннен түпнұсқасы жеткізіліп берілетін жазбаша хабарламаны хатпен, жеделхатпен немесе факспен ЭШФ АЖ операторына жіберуге міндетті. Бұл ретте ЭШФ АЖ пайдалануды қайтару Қазақстан Республикасының салық заңнамасы шеңберінде ЭШФ жазып беруге міндетті ЭШФ АЖ қатысушыларымен мүмкін емес.

#### 4-тарау. Жауаптылық

14. ЭШФ АЖ қатысушы, сондай-ақ уәкілетті жеке тұлғалар, сондай-ақ сенімді (оператор) ЭШФ-ғы қамтылған мәліметтердің дұрыстығы мен толықтығына жауапты болады.

15. ЭШФ АЖ қатысушы:

ЭШФ-ға ЭЦҚ қойылу заңдылығы, сондай-ақ ЭШФ жазып беру нәтижесінде пайда болған салдар үшін жауапты;

осы Келісімде көрсетілген деректемелердің түпнұсқалығы үшін жауапты;

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жауаптылықта болады

16. ЭШФ АЖ қатысушы:

осы Келісімнің шарттарының бұзылуына егер көрсетілген бұзушылықтар, оның мән-жайларына қатысты болмай, ЭШФ АЖ ақауының нәтижесінде болса;

егер осы Келісімнің шарттарының орындалмауы форс-мажор мән-жайларының нәтижесі болса, бұл үшін жауапты болмайды.

Осы Келісімнің мақсаты үшін "форс-мажор" қатысушы және ЭШФ операторының күтпеген сипаттағы бақылауға алуға болмайтын оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар әскери іс-әрекеттер, табиғи немесе зілзала апаттары, індет, карантин және басқаны қамтуы мүмкін, бірақ олармен шектелмейді.

#### 5-тарау. Қатысушының деректемелері

Жеке тұлға	1. ЖСН _____
	2. _____ Т.А.Ә. _____ (болған жағдайда)
	3. Жеке басын куәландыратын құжат: нөмірі _____
	кім берген _____
	қашан берген 20__ жылғы "___" _____
	4. Тұрғылықты жерінің мекенжайы _____
	1. ЖСН/БСН _____
	2. Атауы (ол болған кезде) _____
	-----

Дара кәсіпкер не жеке практикамен айналысатын адамдардың	3. Жеке басын куәландыратын құжат: нөмірі _____ кім берген _____ қашан берген 20__ ж. "___" _____ 4. Қызметін жүзеге асыру мекенжайы _____
Заңды тұлға (заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі)	1. БСН _____ 2. Атауы _____ 3. Басшының Т.А.Ә (болған жағдайда) _____ 4. Басшының ЖСН _____ 5. Заңды мекенжайы _____
Мен _____ осы _____ ЭЦҚ _____ Күні 20__ ж. "___" _____	Келісімнің шарттарымен келісемін. -----

Электрондық шот-фактуралардың  
ақпараттық жүйесін  
пайдалану туралы келісімге  
қосымша  
Нысан

## СЕНІМХАТ

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (заңды тұлғаның атауы (заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі) не жеке практикамен айналысатын адамдардың) Заңды мекенжайы

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

БСН \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ атынан

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (басшы немесе құрылтай құжаттарымен уәкілеттік берілген өзге тұлға) осы сенімхатпен



уәкілетті жеке тұлғаның/ (болған жағдайда) Өкілдің (оператор)

Т.А.Ә. атауы \_\_\_\_\_

ЖСН/БСН \_\_\_\_\_

Жеке басын куәландыратын құжат: кім және қашан берілді \_\_\_\_\_

тұлға атынан (заңды тұлғаның (заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің) не жеке

практикамен айналысатын адамдардың атауы) мынадай іс-қимылдарды:

1. \_\_\_\_\_

2. \_\_\_\_\_

3. \_\_\_\_\_

Ескертулер: заңды тұлғаның өкілі (заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі) сенім білдірушінің атынан жазылған электрондық шот-фактураларға

электрондық-цифрлық

қолтаңбаға (ЭЦҚ) қол қою құқығы беріледі.

Сенімхат басқа біреуге сенім білдіру құқығынсыз \_\_\_\_\_ мерзімге берілді.

Сенім білдірушінің ЭЦҚ \_\_\_\_\_

Күні 20\_\_ ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_

Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде  
шот-фактураны электронды  
нысанда жазып беру қағидалары  
2-қосымша

## ШОТ-ФАКТУРА

А бөлім. Жалпы бөлім	
1.Тіркеу нөмірі	1.1 Есептік жүйе нөмірі
2.Жазып берілген күн 2.1 Жазып берілген күн қағаз түріндегі тасушыда	3.Айналым жасау күні

4. Түзетілген <input type="checkbox"/>	4.1 Жазып берілген күн	5. Қосымша	
4.2 Есептік жүйе нөмірі	4.3 Тіркеу нөмірі	5.2 Есептік жүйе нөм	
B бөлім. Жеткізушінің деректемелері			
6. ЖСН/БСН 6.0 Заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелерінің БСН		<b>10. жеткізушінің сан</b>	
6.1 Қайта ұйымдастырылған тұлғаның ЖСН/БСН			
7. Жеткізуші	7.1 <input type="checkbox"/> Қатысу үлесі		<input type="checkbox"/> А комитент
8. Орналасқан орнының мекенжайы			<input type="checkbox"/> D лизинг беруші
9. ҚҚС төлеушінің куәлігі:			<input type="checkbox"/> F бірлескен қызмет т
9.1 сериясы 9.2 нөмірі		<input type="checkbox"/> G экспорттаушы <input type="checkbox"/> H	
		<input type="checkbox"/> I сенім білдірілген ад	
11. Қосымша мәліметтер			
B1 бөлім. Жеткізушінің банктік деректемелері			
12. Кбе		13. ЖСК	
14. БСК		15. Банктің атауы	
C бөлім. Алушының деректемелері			
16. ЖСН/БСН 16.0 Заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшелерінің БСН		<b>20. алушының санат</b>	
16.1 Қайта ұйымдастырылған тұлғаның ЖСН/БСН			
17. Алушы	17.1 <input type="checkbox"/> Қатысу үлесі		<input type="checkbox"/> А комитент
18. Орналасқан орнының мекенжайы			<input type="checkbox"/> D бірлескен қызмет тур
18.1 Ел коды			<input type="checkbox"/> E мемлекеттік мекеме
<input type="text"/>		<input type="checkbox"/> G ӨБК қатысушы нем	
(КО Комиссиясының 20.09.2010 жылғы № 378 Шешіміне сәйкес 2 әріптік коды)		<input type="checkbox"/> H сенім білдірілген ад	
19. Қосымаша мәліметтер			
C1 бөлім. Мемлекеттік мекеменің деректемелері			
21. ЖСК		23. Төлемнің мақсаты	
22. Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің коды		24. БСК ККМFKZ2A	
D бөлім. Жүкті жіберушінің және жүкті алушының деректемелері			
25. Жүкті жөнелтуші		26. Жүкті алушы	
25.1 ЖСН/БСН		26.1 ЖСН/БСН	
25.2 Атауы		26.2 Атауы	

25.3 Жөнелту мекенжайы	26.3 Жеткізу мекенжайы
	26.4 Ел коды <input type="text"/> (КО Комиссиясының 20.09.2010 ж)
Е бөлім. Шарт (келісімшарт)	
27.1 Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді жеткізуге шарт (келісімшарт)	30. Тауарларды жеткізу сенімхат (
27.2 Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді жеткізуге шартсыз (келісімшартсыз)	
27.3 нөмірі	30.1 нөмірі
27.4 күні	30.2 күні
28. Шарт бойынша төлем талаптары	31. Межелі пункті
29. Жөнелту тәсілі (к/қ таңдау: автожол, т/ж; ауе; су; трубопровод и т.д.)	31.1 Жеткізу шарттары <input type="text"/>
	(КО Комиссиясының 20.09.2010 ж)
F бөлім. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізуді растайтын құжаттардың деректемелері	
32. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізуді растайтын құжат	32.1 нөмірі
	32.2 күні

G бөлім. Тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша деректер	
33. 33.1 валюта коды <input type="text"/>	
33.2 валюта бағамы <input type="text"/>	

№ р/с	Тауардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің шығу тегінің белгілері	Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің атауы	Тауарларға Декларациясына немесе тауарларды әкелу және жанама салықтардың төленгені туралы өтінішке сәйкес тауарлардың атауы	Тауар коды (ЕАЭО СЭҚ ТН)	Өлшем бірлігі	Саны (көлемі)	Жанама салықтарсыз тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бір бірлігі үшін бағасы (тариф)	Жанама салықтарсыз тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің құны
1	2	3	3/1	4	5	6	7	8
				Есеп бойынша барлығы:				

**Кестенің жалғасы:**

G бөлім. Тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша деректер							
Акциз		НДС		Жанама салықтарды	Тауарларға арналған декларацияның, тауарларды	Тауарларға арналған декларациядан немесе тауарларды	Тауарлар индентификатор



I бөлім. Жеткізуші өкілінің (оператордың) деректемелері								
35. БСН				37. Орналасқан орнының мекенжайы				
36. Сенімді				38. Құжат 38.1 нөмірі				
				38.2 күні				
J бөлім. Алушы өкілінің (оператордың) деректемелері								
39. БСН				41. Орналасқан орнының мекенжайы				
40. Сенімді				42. Құжат 42.1 нөмірі				
				42.2 күні				
K бөлім. Қосымша мәліметтер								
43. Қосымша мәліметтер								
L бөлім. ЭЦҚ бойынша мәліметтер								
44. Заңды тұлғаның (заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің) немесе дара кәсіпкер не жеке практикамен айналысатын ЭЦҚ								
45. Шот-фактураға қол қоюға уәкілетті адамның ЭЦҚ								
46. ЭШФ жазып беретін адамның Т.А.Ә. (болған жағдайда)								